

Өтепберген К.Е.
**«Нұрлы жол»:
тиімді инфрақұрылымның
бағыт-бағдары**

Мақалада инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бекітілген бағдарламасы қарастырылған. Бағдарламада елдің макроөңірлерін біріктіру және хаб қағидаты бойынша бірыңғай нарықты қалыптастыруға негізделген жаңа экономикалық саясатты іске асыруға бағытталған. Бағдарлама аясында қысқа және ұзақ мерзімге экономиканың өсуіне жағдай жасап, жұмыс орындарын сақтауды және жаңа жұмыс орындарын ашуды қамтамасыз ету, іскерлік белсенділікті, өнімділікті және елдің транзиттік әлеуетін арттыру көзделеді. «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру 2020 жылға дейін бірқатар нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Нұрлы жол» бағдарламасы екі бөліктен тұрады. Бірінші блогы – инфрақұрылымды дамыту, ондағы жобалар 7 бағыт бойынша жүзеге асады. Мақалада осы 7 бағытта қарастырылған жобаларға толық тоқталып қорытынды жасалған. 2015 жылғы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасындағы кешенді жоспардың екінші блогында дағдарысқа қарсы шаралар қарастырылған және осы екі блогқа бөлінген қаржылар, бағдарламаның мақсаты мен міндеттері нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері көрсетілген.

Түйін сөздер: «Нұрлы жол», индикатор, инфрақұрылым, технология, жол картасы.

Otepbergen K.E.
**«Nurly zhol»: The direction of the
efficient infrastructure**

This article describes the development of infrastructure under the program approved by the state policy «Nurly Zhol» 2015-2019. The main aspect of this policy is the integration of micro-regions in the country and the formation of a common market based on the new growth. Within the framework of short-term and long-term growth of the program ensured the preservation of jobs and creation of new jobs, increased business activity and performance of the regions is expected to increase the country's transit potential. Full implementation of the program «Nurly Zhol» is calculated until 2020. «Nurly Zhol» program consists of two parts. The first block of the country's infrastructure development, the project will be implemented in 7 areas. This article describes the primary outcome in all 7 areas. In 2015, the «Nurly Zhol» provides a comprehensive plan for the second block of anti-crisis measures. Within the framework of the goals and objectives of the program were analyzed main indicators and the results of implementation of indicators.

Key words: «Nurly zhol», indicator, infrastructure modernization, technology, road map.

Өтепберген К.Е.
**«Нұрлы жол»:
направление эффективной
инфраструктуры**

В данной статье описывается развитие инфраструктуры по программе, утвержденной государственной политики «Нұрлы жол» 2015-2019. Основным аспектом данной политикой является интеграция микрорегионов страны и формирование общего рынка, на основе которой лежит новый экономический рост. В рамках программы краткосрочного и долгосрочного экономического роста обеспечивается сохранение рабочих мест и создание новых рабочих мест, увеличение деловой активности и производительности регионов, предполагается повысить транзитный потенциал страны. Полная реализация программы «Нұрлы жол» рассчитывается до 2020 года. Программа «Нұрлы жол» состоит из двух частей. Первый блок – развитие инфраструктуры страны, данный проекта будет осуществляться в 7 направлениях. В статье описывается первичный результат по всем 7 направлениям. В 2015 году «Нұрлы жол» предусматривает комплексный план второго блока антикризисных мер. В рамках целей и задачи программы были проанализированы основные индикаторы и результаты.

Ключевые слова: «Нұрлы жол», индикатор, инфраструктура, модернизация, технология, дорожная карта.

**«НҰРЛЫ ЖОЛ»:
ТИІМДІ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ
БАҒЫТ-БАҒДАРЫ**

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен жуырда инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама елдің макроөңірлерін біріктіру және хаб қағидаты бойынша бірыңғай нарықты қалыптастыруға негізделген жаңа экономикалық саясатты іске асыруға бағытталған.

Бағдарлама аясында қысқа және ұзақ мерзімге экономиканың өсуіне жағдай жасап, жұмыс орындарын сақтауды және жаңа жұмыс орындарын ашуды қамтамасыз ету, іскерлік белсенділікті, өнімділікті және елдің транзиттік әлеуетін арттыру көзделеді. Дағдарыстың алдын алуға, қазақстандықтардың әлеуметтік ахуалын төмендетпеуге негізделген осындай тың бағыттар шеңберінде маңызды да ауқымды міндеттер айқындалған болатын. Атап айтқанда, бұлар «шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылымды құру, индустриялық және туристік инфрақұрылымды дамыту, бірыңғай электр энергетикасы жүйесін дамыту шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымды нығайту шараларын құрайды. Бағдарлама тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту, азаматтардың тұрғын үйге қол жетімділігін арттыру, сондай-ақ білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту мәселелерін де жандандыра түспек. Сондай-ақ, ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, «Нұрлы жол» бағдарламасы өңдеу өнеркәсібі салаларының жекелеген секторларын, агроөнеркәсіп кешенін экспорттаушыларды қолдаудың дағдарысқа қарсы шараларын, ішкі нарықты қорғау және геологиялық барлауды жандандыру мәселелерін қамтып отыр. «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру 2020 жылға дейін бірқатар нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сол уақытта 2014 жылмен салыстырғанда жалпы ішкі өнімнің өсімін 15,7 пайызға жеткізу көзделеді. Бастысы-395,5 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туады [1].

Ұлттық экономика министрлігі келтірген мәліметтер бойынша қазіргі уақытта «Нұрлы жол» бағдарламасын бюджеттік қамту толығымен шешімін тапқан. Бағдарламаны іске асыруға еліміздің Ұлттық қорынан 2015 жылы – 796 млрд. теңге, 2016 жылы – 379 млрд. теңге, ал 2017 жылы – 3 млрд. АҚШ доллары эквиваленті көлемінде қаражат бағыттау жоспарлануда.

Сондай-ақ, Халықаралық қаржы институттары есебінен индикативті бірлесіп қаржыландыру көлемі 9 млрд. АҚШ долларын құрайтын болады. Ұлттық компаниялар мен даму институттарының меншікті қаражаты есебінен «Нұрлы жол» шараларын қаржыландыру 240,9 млрд. теңге болады.

«Нұрлы жол» бағдарламасы екі бөліктен тұрады. Бірінші блогы – инфрақұрылымды дамыту, ондағы жобалар 7 бағыт бойынша жүзеге асады.

Бірінші бағытта – көліктік-логистика инфрақұрылымын дамыту мәселелері қарастырылады. Бұл ретте автожол саласындағы жобаларды іске асыруға Ұлттық қордан 301,3 млрд. теңге сомасында қаражат бөлінеді. Халықаралық қаржы институттарынан тартылатын қарыз есебінен 6,3 млрд. АҚШ долларымен қоса қаржыландыру қамтамасыз етіледі. Сөйтіп, 2015–2020 жылдары «Орталық-Оңтүстік», «Орталық-Шығыс», «Орталық-Батыс» секілді ірі автожол жобалары іске асырылып, республикалық маңызы бар басқа жолдарды реконструкциялау көзделген. Жобалардың инвестициялық фазасы кезеңінде 200 мыңға тарта жұмыс орны құрылатыны жоспарлануда. Теміржол саласы мен көліктік логистикаға келсек, ондай жобаларды іске асыруға ұлттық компаниялар қаражаты есебінен қоса қаржыландыру 19 млрд. теңгені құраса, Ұлттық қордан 75,3 млрд. теңге сомасында қаражат бөлінеді.

Екінші бағыт – индустриялық инфрақұрылымды дамыту бойынша 2015 жылы Ұлттық қордан 81 млрд. теңге бөлінеді. Соның ішінде «Ұлттық индустриялық мұнай-химиялық технопаркі» АЭА-да инфрақұрылым салуға – 68,5 млрд. теңге, «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА инфрақұрылымын дамытуға – 12,5 млрд. теңге бөлінеді. «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА инфрақұрылымын жүзеге асыру Қорғас арқылы тауар айналымының көлемін 8 есе арттыруға мүмкіндік бермек. Сарапшылар осы жобаның жолға қойылуы жүк тасымалын жылына 4 млн. тоннаға дейін ұлғайтатынын бағамдап отыр. Соның нәтижесінде 150 млрд. теңге жеке инвестициялар тартылып, 20 мыңға дейін жұмыс орны құрылады, делінуде.

Үшінші бағыт – энергетикалық инфрақұрылымды дамыту шаралары жүзеге асып, Шығыс Қазақстан мен Алматы өңірлерін электрмен жабдықтаудың мүмкіндіктерін арттыру және Солтүстік-Оңтүстік бағытына транзитті күшейту қарастырылады. Бұл мақсатта «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік 500 кВт транзитін салу» жобасы

іске асырылады. Жобаға «KEGOC» АҚ-ның 118,9 млрд. теңгені құрайтын меншікті қаражаты тартылмақшы. Мұндай нысанды қосу еліміздің солтүстігі мен оңтүстігі арасындағы электр беру желілері арқылы рұқсат етілетін электр қуатының ағынын 2100 МВт-қа (шамамен жылына 14 млрд. кВт/с) жеткізетін болады. Мұндай желі арқылы Қазақстанның оңтүстік облыстарына қазіргі деңгейден жылына 4 млрд. кВт/сағат артық тасымалдау үшін электр қуатының қосымша көлемін өндіруге мүмкіндік тумақ.

Төртінші бағыт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жылумен, сумен жабдықтау, су бұру желілерін жаңғырту үшін 2015-2016 жылдары Ұлттық қордан 150 млрд. теңге қаражат бөлінеді. Бұл ретте келесі жылдан бастап әр жыл сайын 100 млрд. теңгеден кем болмайтын қаражат қарастырылады. Сондай-ақ, халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз тарту да көзделеді. Бағдарлама бойынша коммуналдық желілерді жаңғырту жобаларының тиісті іске асырылуы 2020 жылға жылумен, сумен жабдықтау, су бұру желілерінің тозуын 65 пайыздан 53 пайызға төмендетуге және желілердегі шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде тұтынушыларға көрсетілетін қызметтер сапасының жақсаруына ықпал етпек.

Бесіншісі бағыт бойынша, тұрғын үй инфрақұрылымын нығайту және халықтың баспанаға қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында «Өңірлерді дамыту-2020» бағдарламасы шеңберінде, жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемі ұлғайтылмақ. Тұрғын үй инфрақұрылымын қолдауға бөлінетін Ұлттық қор қаражаты есебінен 2015–2016 жылдары қаржыландырудың жалпы көлемі 150 млрд. теңгені құрайды. «Қазақстандық ипотекалық компаниясы» АҚ желісі арқылы кейіннен жалға беру үшін тұрғын үй нысандарын салуды немесе сатып алуды барлық көздерден жалпы қаржыландыру 250 млрд. теңгені құрайды. Нәтижесінде 2015–2019 жылдары 1,4 млн. шаршы метр жалға берілетін тұрғын үй салынады.

Алтыншы бағыт – білім беру саласындағы инфрақұрылымды дамыту бойынша Ұлттық қордан 66 млрд. теңге – 2015–2016 жылдарға тең бөлінеді. Қаражат мектептерді, балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелерді салуға және жоғары оқу орындарында ғылыми зертханаларды құруға жұмсалады. Ұлттық қордың қаражаты есебінен апатты мектептердің орнына және үш ауысымда оқытуды жою үшін өңірлерде жалпы білім беретін жаңа мектептер салынып, пайдалануға беріледі. Жалпы, Ұлттық қордан

бөлек, республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен салынатын мектептер санын ескергенде, Қазақстанда 2018 жылға қарай апаттық және үш ауысымда оқытатын мектептер проблемасы толық шешімін табады.

Жетінші бағыт аясында кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру шаралары қолдау табады. Нақтырақ айтқанда, 2015 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнес пен ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен несие беруге Ұлттық қордан 100 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінеді. 2015–2017 жылдары шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан 155 млрд. теңге мөлшерінде кредиттік желілер тартылады. Ал шағын және орта бизнес пен ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікті кредит беру инвестициялық жобаларды іске асыруға, айналым қаражатын толықтыруға және бұрын берілген қарыздарды қайта қаржыландыруға бағытталады. Бағдарлама шеңберінде түпкілікті қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6 пайыздан, кредиттеу мерзімі 10 жылдан аспайды. Ал кәсіпкерлік субъектілеріне мұндай жеңілдетілген кредит берудің нәтижесінде 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылады, өндірілген өнімнің көлемі ағымдағы деңгейден 150 млрд. теңгеге ұлғаятын болады.

2015 жылғы дағдарысқа қарсы шаралар – «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасындағы кешенді жоспардың екінші блогын қамтиды.

Біріншіден, отандық машина жасауды дамыту. Олардың қатарында, автомобильдер, тікұшақтар және жолаушылар вагондарын жасау жобаларына 2015 жылы Ұлттық қордан 35 млрд. теңге бөлінеді. Соның ішінде автомобильдер жасау үшін 20 млрд. теңге, тікұшақтарды жасау үшін 10 млрд. теңге, жолаушылар вагондарын жасауға 5 млрд. теңге қарастырылған. Отандық автомобиль және тікұшақ өндірушілерді қолдау ішкі нарықта шетелдік өнімдердің импортын отандық өндіріс өнімдерімен алмастыруды қамтамасыз ететін болады. Жалпы, қабылданып жатқан мұндай шаралар әлеуетті ішкі және сыртқы тұтынушыларға тиімді қаржылық жағдайында отандық машина жасау өнімін алуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, даму институттары арқылы экспортты қолдау шаралары үшін экспорттық кредиттеу жолымен 50 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінеді. Ұзақмерзімді жеңілдетілген қаржыландыруды ұсыну экспорттаушыларға әлеуетті сатып алушыларды ынталандыру жолы-

мен өнімді өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Үшіншіден, агроөнеркәсіп кешенін 2015 жылы қосымша қолдау үшін Ұлттық қор қаражатынан 20 млрд. теңге бағытталады. Соның ішінде, АӨК субъектілерін қаржылай сауықтыру бағыты шеңберінде кредиттер және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға – 0,7 млрд. теңге, ауыл шаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуге – 1,5 млрд. теңге, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруға бағытталған АӨК-ті қаржылай қолдау қаражатының көлемі 11,5 млрд. теңгеге ұлғайтылатын болады.

Төртіншіден, басталған кредиттік тұрғын үй жобаларын іске асыру және үлестік салымдарды қорғау үшін 2015 жылы Ұлттық қордан 45 млрд. теңге қарастырылып отыр. Осының арқасында тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша халыққа берілетін 240,6 мың шаршы метр кредиттік тұрғын үйдің құрылысы аяқталатын болады. Кепілдік беру тетігін енгізу тұрғын үй құрылысына қосымша инвестициялар тартуға мүмкіндік береді және азаматтардың үлескерлік құрылысқа қатысу тәуекелдерін айтарлықтай төмендетеді.

Бесіншіден, «Бизнестің жол картасы – 2020» жобалары үшін қажетті инфрақұрылымды жүргізу шараларына 10 млрд. теңге мөлшерінде Ұлттық қор қаражатымен қамтамасыз етіледі. Бағдарлама шеңберінде Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы индустриялық аймақтарға инфрақұрылымдар жүзеге асады. Кәсіпкерлік субъектілерінің неғұрлым ауқымды тобын қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [2].

Алтыншыдан, өнім сапасы инфрақұрылымын дамыту мақсатында сынақ базасының жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін Ұлттық қордан 5 млрд. теңге бөлінеді. Нәтижесінде жеңіл және химия өнеркәсібіндегі, металлургиядағы, өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғаныс, сондай-ақ ветеринария саласындағы қолданыстағы сынақ зертханаларын кеңейту және жете жарақтандыру қамтамасыз етілмек. Өнім сапасының инфрақұрылымын дамыту қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және икемді сауда саясатын жүргізу үшін отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік бермек. Соның ішінде, Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде өнім сапасына сәйкестікті растау қажет-

тігіне байланысты кәсіпкерлік субъектілерінің шығыстарын оңтайландыру көзделіп отыр.

Жетіншіден, перспективалы учаскелерді геологиялық зерттеу және пайдалы қазбалардың қорларын толықтыру мақсатында жер қойнауына барлау жасау үшін Ұлттық қордан 6 млрд. теңге бөлінеді. Нәтижесінде Қазақстандағы пайдалы қазбалар қорларының, оның ішінде түсті металдар мен алтын қорының болжамды көлемдері анықталады. Бағдарламаның мақсаты – Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық

өсуін қамтамасыз ету мақсатында «шұғыла» қағидаты бойынша тиімді инфрақұрылым түзу негізінде елдің макроөңірлерін ықпалдастыру арқылы бірыңғай экономикалық нарық қалыптастыру, сондай-ақ сыртқы нарықтағы конъюнктураның нашарлауы жағдайларында экономиканың жекелеген секторларын қолдау бойынша дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру.

Бұл мақсатқа қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

Нысаналы индикаторлар	өлшем бірлігі	2014 (бағалау)	2015	2016	2017	2018	2019
ЖІӨ-нің болжанатын өсімін қамтамасыз ету	алдыңғы жылға %-бен	104,3	101,5	102,2	103,3	103,6	104,1
«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың ЖІӨ өсіміне әсері	пайыздық тармақтарда		1,83	0,87	1,18	0,18	0,65
Жұмыс орындарын құру, оның ішінде:	мың адам	10,4	97,2	95,0	83,0	59,9	60,1
тұрақты	мың адам	4,6	27,3	23,6	17,8	8,7	9,4
уақытша	мың адам	5,8	69,9	71,4	65,2	51,2	50,7
Базалық инфрақұрылым сапасы бойынша ДЭФ рейтингін жоғарылату	әлемдегі орын	62	61	60	59	58	57

Қойылған мақсатты шешу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді: «Шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық

инфрақұрылым құру. Бұл міндетке қол жеткізу тікелей нәтижелердің мынадай көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	2014 (бағалау)	2015	2016	2017	2018	2019
Автожол жобаларын іске асыру нәтижесінде хаб-қалалар арасындағы жолда бір бағыттағы орташа уақыт	сағат	115	115	115	108	103	72
Боржақты – Ерсай учаскесі арқылы жүк тасымалдау	млн. тонна			2,4	2,7	3	3,6
Алматы-1 – Шу учаскесі бойынша тасымалдау қабілеті	жылына млн. тонна	25	25	25	80	80	80
Құрық портында жүкті ауыстырып тиеу	млн. тонна				2,7	3	3,6
Астана қаласы әуежайында жолаушыларды өткізу қабілеті	жылына млн. адам	3	3	3	7,6	7,6	7,6

Кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Бұл міндетке қол жеткізу тікелей

нәтижелердің мынадай көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	2014 (бағалау)	2015	2016	2017	2018	2019
Бағдарлама шеңберінде қолдау алған кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі	млрд. теңге		224	313	344	350	351
Бағдарлама шеңберінде қолдау алған кәсіпкерлік субъектілері құрған жаңа жұмыс орындарының саны	бірлік		7 922	19 786	21 247	21 539	21 597

Қазіргі уақытта әлемдік рыноктарда энергия көздері мен металл бағаларының құлдырауы экономикалық тәуекелдерді күрт ұлғайтып жіберді. Барлық дерлік мемлекеттер елеулі геосаяси және экономикалық сын-қатерлерді бастан өткеруде. Осы орайда «Нұрлы жол» экономикалық саясаты Қазақстанның экономикалық тәуекелдерге тосқауыл қойып отыр. Ол инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында экономикалық ауытқушылыққа қарсы іс-қимыл шараларынан, индустрияландыру бағытының екінші бес жылдығын одан әрі жалғастырудан тұрады. Мәселен, «Нұрлы жол» жаңғырту жобаларына қаржы бөлінді.

«Нұрлы жол» аясында жылу, сумен жабдықтау және су беру жүйесін жаңғыртуға 450 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржының 60 млрд теңгесі 2015 жылы, 90 млрд теңгесі 2016 жылы бөлінеді, ал 2017-2019 жылдары жыл сайын аталған салаға 100 млрд теңгеден бағытталатын болады. «Қазірде жергілікті әкімдіктер жалпы сомасы 269,4 млрд теңгені құрайтын 200 жоба ұсынып отыр. Алайда биылғы жылға аталған жобаларды жүзеге асыруға 60 млрд теңге бөлінгендіктен,

Қазақстанның барлық өңірінен 96 жоба іріктеп алынды».

Қорыта келгенде, 2050 стратегиясы ұлт алдына жаңа міндет жүктеді. Әлемдегі дамыған 30 мемлекет қатарына қосылу міндетін қойып отыр. Әлемдік экономиканың өзгеруіне жауап ретінде «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясаты дайындалды. Оның басты мақсаты: жаңа жұмыс орындарын құру мен жаңа экономикалық өсім үшін іргетасты нығайтуда батыл да жедел іс-қимыл таныту болып табылады. Сондықтан да «Нұрлы жол» бағдарламасы рет-ретімен орындалуы қажет.

Еуразиялық интеграция институтының жобасы бойынша «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатты іске асырудағы күтілетін әсер: Қысқа және ортамерзімді болашақта экономиканың өсуінің қозғаушы күші болады. Жолдарды салу кезінде жаңа 200 мың жаңа жұмыс орындары ашылады. Бұл тұрғындарды жұмыспен қамтамыз етуге және кірістердің өсуіне әсер етеді. Экономиканың басқа да салаларына мультипликативтік әсер пайда болады: цемент, металл, техника, битум және т.б. [3].

Әдебиеттер

- 1 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» // 11.11.2014.
- 2 Исекешев Ә. Технологияға салынған инвестиция-өркендеуге салынған жол // Егемен Қазақстан. – 04.11.2015.
- 3 Ожидаемый эффект от реализации новой экономической политики «Нурлы жол» // Казахстанская правда. – 09.02.2016.

References

- 1 KR President N. Nazarbayev Kazakhstan halikna zholdau«Nurly zhol» // 11.11.2014.
- 2 Isekeshov A. Tehnologiya salingan investitsiya-orkendeuge salingan zhol // Ege men Kazakhstan. – 04.11.2015.
- 3 Ojidaemy effect ot realizacii novoy ekonomiceskoy politiki«Nurly zhol» // Kazakhstanskaya Pravda. – 09.02.2016.